



ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

ӨМІРІНІҢ 40 ЖЫЛЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ “ФИЗИКА” КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, АСТРОНОМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОЦЕНТІ, ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ, ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ АНДРЕЙ СОЛОДОВНИК 70 ЖАСҚА ТОЛДЫ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.

Конференцияда профессордың жоғары ғылыми жетістіктері талқыланып, еліміздің түкпір-түкпірінен және Ресей мен Швециядан келген әріптестері құттықтады.

Андрей Солодовниктің бастамасымен университет қабырғасында Астрофизикалық зерттеулер орталығы құрылып, 2004 жылы еліміздегі жоғары оқу орны жанындағы жалғыз планетарий бар обсерватория ашылды.

– Университетте астрономияның ғылыми мектебі құрылды. Ал Андрей Андреевичтің жетекшілігімен үш кандидаттық және 30-дан астам магистрлік диссертация қорғалды. “Scopus” импакт-факторы бар 10-ға жуық және БҒСҚК ұсынған басылымдарда ондаған мақалалары жарық көрді. Басылымдардың жалпы саны 260-тан асты, – деді университеттің басқарма төрағасы – ректордың міндетін атқарушы Рената Апергенова.

Шарада М.Қозыбаев университет кеңесінің төрағасы Ғалым

Байтұқ көпжылдық достығы туралы естеліктерімен бөлісіп, Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатын оқыды.

Бұл күні мерейтой иесі “Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін” төсбелгісімен марапатталды. Конференцияда сөз алған облыс әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев Андрей Солодовникке “Петропавл қаласының құрметті азаматы” атағы берілетінін хабарлады.

Шара соңында Андрей Солодовник өзінің мерейтойына дайындап, басып шығарған “Удивление от Вселенной” атты кітабының тұсаукесерін өткізді. Онда ғалым ретіндегі өмір жолы, қалыптасу кезеңдері және астрофизикадағы ғылыми қызығушылықтары сипатталады.

**Диана ХАЛИМОВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ медиа орталығының
бас редакторы.**